

**«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының**

**әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №3**

16 наурыз 2022 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтер портфолиосын ресімдеу.
3. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы.
4. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ортаалық әдіскері К.Джаксибаева өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері өздерінің жұмыс барысындағы атқарып жатқан жұмыстарының нәтижелері бойынша портфолиоларын жинақтап жатқандықтарын айтып өтті. Портфолиода негізгі тақырыбы, шығармашылық жұмыстарының нәтижелері, қатысқан семинарлары бойынша құжаттары, біліктілік көтеру курстарынан өтуі және аттестациядан өту кестелері мен марапаттары көрсетілгендігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиешілердің өз бетімен білімін көтеру, кәсіби біліктіліктерін қалыптастыру бойынша жоспарлары талқыланып, бекітілді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша ағымдағы жұмыстарға тоқталып өтті. Жалпы орталық қызметкерлеріне арналған ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау, әрбір педагогқа жүктелген жұмыстарды толығымен орындау және міндеттерін мүлтіксіз атқару қажеттігін қатаң ескертті.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. Педагогтер портфолиосын ресімдеу жолға қойылсын.
2. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру жұмыстары тәрбиешілерге жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



К.Джаксибаева

А.Ахмадияр